

Рахымберлинова А., Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, тарих факультеті, ИО-31 тобы, студент
(Ғылыми жетекшісі – Тулегенова А.Ж., аға оқытушы, г.ғ.м.)

ҰЛАҒАТТЫ ҰЛТ ҰСТАЗЫ - АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ

«Білім әлемді құтқарады»
А.Байтұрсынұлы

Қазақ халқының рухани мұрасының мәнін ашып, оны игеруде қазақтың жазушы-педагогтарының халықтық идея проблемасы туралы ой-пікірлерін зерттеудің қазіргі кезеңде маңызы ерекше. Осыған орай ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың 20-30-жылдары өмір сүріп, ағартушылық қызмет атқарған Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Халел Досмұхамедов сынды педагог-жазушыларының халықтық идеяларының маңызы зор.

ХХ ғасырдың басында қазақ халқы аса ірі қоғамдық-саяси өзгерістермен қатар ауқымды рухани жаңғыруларды да бастан кешті. Ұлттық мәдениет пен әдебиеттің, білім мен ғылымның туын көтерген, жұртшылықтың санасына демократиялық ойлар сіңіріп, алға жетелеуге ұмтылған зиялы топ қалыптастырып, халықтың зердесіне сәуле түсіріп, санасын оятқан осы топтың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлы болды. Қазақ халқының рухани көсемі болып, болашақтың жарық, тыныш, көк аспан астында өмір сүруіне өзінің ақылын арқау еткен Ұлт ұстазының туғанына биылғы жылы 150 жыл толады.

Қазақ әдебиеті тарихында Абайдың орны қандай болса, қазақ тіл білімі мен мәдениеті тарихында Ахмет Байтұрсынұлының орны сондай. Абай туралы алғашқы мақаланы жазған да Ахмет Байтұрсынұлы болды. Мақалада ұлы ақын Абайдың тарихи миссиясы, рухани болмысы, өлеңдерінің ұлттық сөз өнеріндегі маңызы, көркемдік-эстетикалық сипаты баяндалды.

Ахмет Байтұрсынұлы елімізде ұлттық білім беру жүйесінің негізін қалады. Ол жүйенің басты элементтері: ұлттық жазу жүйесі бойынша білім беру; ұлттық негіздегі бағдарламалар, оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар; мектепке керек заттар; мектеп ісін жандандыратын мұғалімдер мен тәрбиешілер болып табылды.

Қазақтың ұлы ғұламасы Ахмет Байтұрсынұлының халқы үшін істеген игі істерінің ішіндегі ең шоқтығы биік қызметінің бірі – араб жазуына өзгерістер енгізіп, қазақ әліпбиін (алфавит) құрастыруы. Осы арқылы ғалым қазақ халқының тез сауаттанып хат тануына, оқу білімге деген құштарлықтарының оянуына ерекше ықпал етті. А.Байтұрсынұлы жазуы дамымаған ұлттың артта қалатынын, оның қоғамдағы қажеттілігін және адам өміріндегі маңызын өзінің шығарған оқулықтарында үнемі ескертіп отырады.

Жазу дегеніміз – шын мәнінде, кез келген халықтың рухани деңгейі мен мәдени дамуын көрсететін негізгі құрал. Ғалым осы құралды ұлттық деңгейге көтеру жолында жан аямай еңбек етіп, тер төкті. Сөйтіп сол кезеңге дейін ұзақ ғасырлар бойы қолданыста келе жатқан араб жазуының халықты тез әрі жаппай сауаттандыру жолында үлкен кедергілері мен қиындықтары бар еді. А.Байтұрсынұлы осы кедергілер мен қиындықтарды жоюдың ең басты тәсілі – араб жазуын қазақ тілінің заңдылығына сәйкес реформалау деп білді. Ғұлама осылайша ұзақ ғасырлар бойы өзгеріссіз қолданылып келе жатқан араб графикасын қазақ халқының игілігіне айналдыру идеясын көтеріп, оны іс жүзінде реформалады [1].

Латын әрпінің араб әрпінен гөрі көзге көрініп тұрған артықтығы мен пайдасы болған екен: онда ел көңілденіп, әсіресе сауаттылары көңілденіп, қолдап, жебеп, көтермелеп, бірдеме етер деп дәмеленер едік. Ондай артықтығы, пайдалылығы жоқ, қайта араб әрпінен гөрі толып жатқан төмендігі, кеңдігі, кеселдігі бар. Араб әрпін латын әрпіне алмастыру мәселесі қозғалғаннан бері көп адам екеуін салыстырып, терең қарап, артық-кемін тексеру мен зерттей түсті. Сол терең тексеру арқасында екі әріптің де бұрын назар салынбай, еске алынбай жүрген көп сындары, сипаты көзге түсті [2, 327б.]. Бұл орайда Ахмет Байтұрсынұлының жазу жүйесін даттағандар да, жақтағандар да, ақтағандар да баршылық еді. Тіпті «жөнсіз сынаушылар» да, «дәлелсіз мін тағушылар» да, «қисынсыз дау айтушылар» да табылғанды. Осы уақытқа дейін бұл алфавит елімізде қолданыста болмаса да, Қытайда, Ауғанстанда және Иранда тұратын қазақтар қолданып келеді.

Қазақ әліпбиі осы таңбада 1912 жылдан бастап 1929 жылы бопсамен латын таңбасына көшкенше қазақ тіліндегі барлық оқу орындарында, газет, журнал, кітап шығару хәм кеңселік

ресми жазуларда ұлттық тұтастықта қолданыста болды. Бұдан кейінгі кезеңде бұл таңба Қытай һәм мұсылман елдеріндегі қазақтар арасында қолданыста келеді. Алайда, латын таңбасына көшкенде де, одан 1940 жылы кирилше таңбаға көшкенде де қазақ әліпбиінің Ахаң негіздеген қағидалары өзгерген жоқ. Қазақ тіл ғылымына тән қағидалар мен қазақша тілтаным атаулары да сол Ахаң қалыптаған қалпында қалды[3].

«Қазақ» газетінің 1913 жылғы 8 тамыздағы тағы бір нөмірінде жарияланған «Земство» деп аталатын бас мақаласы біздер үшін өте құнды тағы бір мәлімет береді: «Россиядағы халықтың бәрін қосып жіберіп, топтап санағанда, жүз адамнан 20 адам-ақ хат білетін болып шығады, біздің қазақ облыстарында жүз кісіден 5 кісі-ақ хат біледі". Бұл- күні бүгінге дейін қазақ халқының революциядан бұрын 2%-ті сауатты болған деп келгенімізді жоққа шығарады. Жоғарыда келтірілген Қостанай уезіндегі цифрларға қарасақ, 1909 жылдың өзінде сауатты қазақтардың проценті 8-ден асып түседі, ал А.Байтұрсынов шамамен 5% деп келтіріп отыр[4,21 б.]. А.Байтұрсынұлы сауатты жазуды бізге өсиет еткен. Алайда кейбір жағдайда сауатты жазу мәселесіне әлі де көңіл бөліне бермейтін тұстарды көріп, қынжылуға тура келеді. Мысалы, көшедегі жарнама, адамдардың аты-жөні, жер-су аттары т.б.

Қазақ ішінде әр жерде бала оқытатын адамдардан бала оқытуға програмы (жосық) көрсетілсе екен деген өтініштер келеді. Бұл күнде қазақ арасындағы оқу жосықсыз һәм жосық жасауға болмайды да. Өйткені қазақтың бастауыш мектебінде оқитын кітаптар белгіленбек түгіл, әлі шыққан да жоқ. Жаңа ғана әліппе шыға бастады. Оның да қайсысы оқылары белгіленген жоқ. Әліппеден әрі оқытатын кітаптар әлі шыққан жоқ. Дін жайынан оқытатын, есеп оқытатын, жағрафия һәм тарихтан қысқалап хабар беретін кітаптар әлі жоқ. Сондықтан програм деген сөз әзір ертерек. Әуелі бала оқытатын кітаптарымызды түзеп, сайлап алып, сонан соң неден бастап, неге шейін оқытатынымызға жосық белгілеуге дұрыс [5,286.]. Сол заманда Ахмет атамның осы бір сөздері әлі күнге дейін өз өзектілігін жоғалтпады. Еліміздегі мектептердің әртүрлі баспадағы оқулықтарды қолдануы, біртұтас жүйенің болмауына әкеледі.

«Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта... жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады. Өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады» деген Ахмет сөзін ту етіп көтеріп, әркім отбасы, ошақ қасында қазақ тілінің мәртебесін арттырса, бүгінгідей ұзын арқау, кең тұсаудан құтылып, Ахмет атаның арман-тілегіне жеткен болар едік.

Халықты ағарту баладан, мектептен бастау алады. Ең алғаш қазақ тілінде Әліппе кітабын жинақтаған Ахмет Байтұрсынұлы еді. Байтұрсынұлы әліпбиі, жоғарыда атап көрсеткендей, қазақ тілінің табиғатына бейімделген араб жазуы негізінде жасалды. Ол Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде (Орынбор, 1924), Құрылтайда (Баку, 1926) араб жазуындағы әліпбидің қажеттілігін, құндылығын жан-жақты тұжырыммен дәлелдеген ғылыми баяндама жасады. Бұл әліпбиі ұлттық жазудың қалыптасуындағы ірі мәдени жетістік болып табылып, қазақ балаларының көзі ашық, сауатты азамат болып шығуына септігін тигізді.

Әліпбиі – тек сауат ашу ғана емес, ілім-білім үйренудің бастау көзі, ғылымға апаратын сара жол. М.Әуезовше айтсақ, «Ақаң ашқан қазақ мектебінің» ұстанымы – қазақ баласын ана тілінде сауатын аштырып қана қоймай, оның әлеуметтік ортада ой-танымы мен талғамын қазақша қалыптастыру болған. Өйткені, сол тұстағы қазақ арасынан оқыған, сауатты жандардың басым көпшілігінің тілі не татарша, не орысша шыққаны және сол тілдермен ана тілін араластырып, «қойыртпақ тіл» жасағаны тарихтан белгілі. Сондықтан да Ахмет Байтұрсынұлы қазақ ұлтының табиғи қалпын сақтау мақсатында, кемшіліктерді болдыртпау үшін өзінің білім беру жүйесінде ана тілмен оқытуды ұстанды.

2016 жылы еліміздегі орта білім беру ұйымдары жаңартылған білім беру бағдарламасына көшкенде әліппенің барлық тақырыптары, мазмұны 1-ші сыныптарға арналған сауат ашу оқулығына енгізілді. «Әліппе» және «ана тілі» атты екі бөлім сауат ашу оқулығында болды. 2020 жылдың жақсы жаңалығының бірі жаңа әліппенің 2021 жылы 1-ші сынып оқушыларына берілетіндігі туралы заңның бекітілуі болды. Әліппе Ахмет Байтұрсынұлының әдістемесі негізінде дайындалды.

Қазақ әдебиетінің атасы Ахмет Байтұрсынұлы кітап жазумен қатар орыстың белгілі жазушыларының танымал еңбектерін ана тілімізге аударып, көпшілікке ұсынған. Көкейіндегі түйілген ойды ана тіліндегі асыл, ұтқыр сөздермен жеткізе білген. Сондықтан да қазақ әліпбиінің атасы, түркі тілтану ғылымының ағартушысы Ахмет Байтұрсынұлының мол шығармашылық мұрасының тарихи маңызы жоғары және әлі де зерттелетін үлкен ғылым.

Қорыта келе, табиғатынан дарынды және мінезі тұрақты Ахмет Байтұрсынұлы әлемді құтқаратын білім деп сенді. Ол үнемі адамдармен және өзімен жұмыс істеді. Жазуы дамымаған ұлттың артта қалатынын, оның қоғамдағы қажеттілігін және адам өміріндегі маңызын өзінің шығарған оқулықтарында үнемі ескертіп отырды. Тәуелсіз қазақ елінің тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Ахмет Байтұрсынұлының 1998 жылғы 125 жылдық мерейтойындағы баяндамасында Ұлт ұстазына осындай жоғары баға берген еді. Шындығында, А.Байтұрсынұлының ғылыми, көсемсөздік, ақындық мұрасы уақыт озған сайын ел игілігіне қызмет етіп келеді және қызмет ете беретіні анық.

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ әдебиеті мен мәдениетінің тарихында үлкен бір дәуірді алып жатқан алып тұлға. Ол өзінің тума талантын туған халқына деген сүйіспеншілікпен сұғарып, толассыз еңбекпен шындаған қайсар да қаһарман қайраткер. Қайталанбас әрі теңдессіз тұлға!

«Басқасын былай қойғанда, тек зат есім, сын есім, сан есім, бастауыш, баяндауыш, пысықтауыш, сөз таптары, сөйлем мүшелері, дыбыс, әріп, дауысты, дауыссыз дыбыстар, т.б. ондаған, тіпті жүздеген өміршең терминдерді білім мен ғылымымызға әкеліп орнықтырғаны үшін ғана Ахмет Байтұрсынұлының есімі қазақ мәдениеті мен ғылымының тарихына алтын әріппен енуі тиіс. А.Байтұрсынұлының қазақ халқының тәуелсіздігі үшін тартқан тауқыметі нағыз ерліктің, ұлтжандылық пен патриоттықтың айнасы бола бермек.

Әдебиеттер:

1. Мамырбекова Г. «Байтұрсынұлы жазуы» атанған Ахмет Байтұрсынұлы әліпбиінің жарық көргеніне жүз жыл. // Ана тілі. - 2012. - № 37. - 6-7 бб.
2. Байтұрсынов А. Ақ жол. - Алматы: Жалын, 1991. - 464 б.
3. Шүкірұлы С. Қазақ жазуының қалыптасуы һәм болашағы // Ана тілі. - 2012. - № 13.
4. Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынов. - Алматы, 1990. - 58 б.
5. Күзембаева В.Қ. Ұлттың ұлы ұстазы: Халқымыздың көрнекті қоғам қайраткері, ғалым, ағартушы Ахмет Байтұрсыновқа арналады. - Алматы, 2001. - 264 б.

Серік Т., Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова, исторический факультет, группа ИО-32, студент.

(Научный руководитель – магистр истории, старший преподаватель Абдукаримова Ж.К.)

К ИСТОРИИ КАРКАРАЛИНСКОГО ДЕТСКОГО ДОМА В 1920 – 1950-е гг.

Детские дома были одной из самых распространенных и эффективных мер борьбы с детской беспризорностью. С приходом советской власти детские дома стали открываться по всей стране, т.к. сиротство, бродяжничество, безнадзорность приобрели, в виду исторических событий, массовый характер. Детские дома должны были обеспечить детей, оставшихся без попечения родных, крышей над головой, питанием, одеждой, обувью, дать образование и воспитание.

Вопрос о содержании и воспитании беспризорных детей остро стоял перед руководителями строящейся страны. В 1918 году декретом СНК о комиссиях для несовершеннолетних, детские приюты и сиротские дома преобразовывались в детские дома, и передавались в ведение специально созданных комиссий. В январе 1919 года был основан Государственный совет защиты детей, главной функцией которого являлось изыскание средств, для содержания воспитанников детских учреждений. Значительную помощь детским домам оказала, созданная в 1921 году при ВЦИК, Комиссия по улучшению жизни детей во главе с Ф.Э. Дзержинским. Все эти меры способствовали ликвидации беспризорности и безнадзорности в стране.

На территории Карагандинской области первый детский дом школьного типа открылся в 1920 году в городе Каркаралинск [1, с.178]. Изначально детский дом был размещен в трех зданиях по улице Энгельса, из них: два использовались под общежития для воспитанников и один для служебных целей (контора, изолятор, прачечные, склады и мастерские). Два помещения, в которых жили воспитанники, были рассчитаны на 120 человек.